

## Ақтөбе облыстық мәслихатының ШЕШІМІ

Ақтөбе қаласы

№

2018 жылғы 22 мамыр

### Облыс әкімдігінің 2017 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуы туралы есебі

«2017 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуы туралы» облыстың қаржы басқармасының басшысы Г.Р.Сүйінтаеваның, Ақтөбе облысы бойынша тексеру комиссиясының төрағасы С.Еңсегенұлының және бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік жөніндегі тұрақты комиссияның қорытындысын тыңдап, облыстық мәслихат, 2016 жылғы 12 желтоқсанда бекітілген және 2017 жылдың бюджетін атқару барысында нақтыланған «2017-2019 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» облыстық мәслихаттың шешімі, нақтыланған көрсеткіштерден кірістер бойынша 100,9 пайызға, алынған ресми трансферттер бойынша 100 пайызға орындалғандығын атап өтеді.

2017 жылғы облыстық бюджеттің шығыс бөлігі 100 пайызға игерілді, түзетумен жоспарланған 151 785 352,9 мың теңгеден 151 777 234,0 мың теңге игерілді.

Одан басқа, республикалық бюджеттен жалпы сомасы 54 154 091,5 мың теңге нысаналы трансферттер бөлінді, соның ішінде, білім беру нысандарын салуға және қайта жаңартуға, тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсетуге, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға және жайластыруға, вакциналарды және басқа да иммундық-биологиялық препараттарды сатып алуға, денсаулық сақтау нысандарын салуға және қайта жаңартуға, көліктік инфрақұрылымды дамытуға, инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеуге, жылу-энергетика жүйесін дамытуға, нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытуға бөлінді.

Республикалық бюджеттен жылу-сумен жабдықтау және суағарларды салуға және қайта жаңартуға, мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға, нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту үшін несиелер бөлінді.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95- IV Бюджеттік кодексінің 130-бабының 3-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 6-бабының 1-тармағының 1) және 9-1) тармақшаларына сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты  
**ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Облыс әкімдігінің 2017 жылғы облыстық бюджеттің кірістер бойынша 40 240 291,7 мың теңгеге, алынған ресми трансферттер бойынша 54 154 091,5 мың теңгеге, шығындар бойынша 151 777 234,0 мың теңгеге, бюджеттік кредиттер бойынша 19 578 351,0 мың теңгеге, активтерді сатып алу бойынша 429,3 мың теңгеге, қарыздарды өтеу бойынша 1 347 223,8 мың теңгеге, бюджеттің дефициті 18 045 240,2 мың теңге, бюджеттің дефицитін қаржыландыру 18 045 240,2 мың теңгеге нақты орындалуы туралы есебі бекітілсін.

2. Ақтөбе облысы бойынша Тексеру комиссиясының 2017 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуын бақылау қорытындылары туралы есебі назарға алынсын.

3. Облыс әкімдігіне:

1) бюджетке салықтық және басқа да міндетті төлемдердің түсуін толық қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыру;

2) тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізе отыра бюджет қаражатын тиімді және мақсатты пайдалану бойынша бақылауды күшейту;

3) бюджеттік қаражаттарды басқару бойынша мемлекеттік органдардың қызметінің тиімділігін бағалау бойынша жұмыстарды жандандыру;

4) шығыстарды сапалы жоспарлауды және бюджет бағдарламаларын орындауды қамтамасыз ететін, облыстық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің жауапкершілігін арттыру бойынша шаралар қабылдау ұсынылсын.

4. Ақтөбе облысы бойынша Тексеру комиссиясына есептік кезеңге бюджет қаражатын қамту көлемін ұлғайтуды қарастыратын, қадағалау шараларының тиімділігін арттыру ұсынылсын.

**Облыстық мәслихаттың  
сессия төрағасы**

**Облыстық  
мәслихаттың хатшысы**

**А. БОЛАТОВ**

**С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА**